



ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ
ПІКІР

6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» атты тақырыбы бойынша Рауан Еркебаевна Ботабаеваның докторлық диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д. профессор Убайдилла Махамбетович Датхаевтың ПІКІРІ

Ботабаева Рауан Еркебайқызының диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының отандық дәрі-дәрмектерін тұтыну мүмкіндігін кеңейту әдістемелерін жасап, оның жетік қызметтік моделін ұсынуға бағытталған.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды реформалау мен дамуының Мемлекеттік бағдарламасының табысты жүзеге асуының маңызды кезеңдерінің бірі – сырқаттану кезіндегі медициналық көмектің тиімділігін арттыру және сәйкесінше қажетті заманауи дәрілік препараттармен қамтамасыз ету болып саналады.

Денсаулық сақтау секторында жаппай болып жатқан түрлендірулер тауар өткізу жүйесіндегі мемлекеттік монополияны жоюға, бағаларды либерализациялауға, әлемдік экономикаға белсенді интеграциялауға және отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту үшін жағдай жасау мен Қазақстандық фармацевтикалық нарыққа отандық дәрілік заттарды диверсификациялауға бағытталған.

Осыған байланысты денсаулық сақтау жүйесінде заманауи зерттелген және ғылыми негізделген тәсілдерді пайдалана отырып, халықты дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, бюджетті ассигнациялауды тиімді пайдалану өзекті мәселе болып табылды.

Жаһандық индустриализация кезеңінде ғылыми және ақпараттық технологияның даму заманында және әртүрлі дәрілік препараттармен нарықтың қанығуы жағдайында диверсификациялық саясат стратегиясын жасау қажеттілігі туындады. Осыған байланысты Р. Е. Ботабаеваның «Корватаблет» препараты мысалындағы әдістемелік нұсқаулары ғылыми тұрғыда негізделіп жазылған және Қазақстан Республикасы халқын дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді жетілдірудің маңызды және өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.



ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ
ПІКІР

Р. Е. Ботабаеваның «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бес тараудан құрастырылған. І-ші тарауда (әдеби шолуда) автор көптеген зерттеушілердің Қазақстан Республикасында импорттық дәрілік препараттарды отандық дәрі-дәрмектермен алмастыру бағдарламасын орындауда негізгі атқарылған жұмыстарды жан-жақты талдаған. Осы кезеңге дейін жүргізілген диверсификация мен маркетинг шараларының көптеген жақтары анықталған. Осыдан зерттеуші импорттық дәрілік заттарды отандық дәрі-дәрмектермен ауыстыру шараларын жетілдіру үшін маркетингтік тұрғыда күрделі өзгерістер жасау керектігін көрсеткен.

Диссертациялық зерттеудің 2-ші тарауында зерттеу материалдары мен әдістері көрсетілген. Автор ретроспективтік, социологиялық, медициналық статистикалық және корреляциялық сараптау әдістерін қолданып, нысандардың репрезентативтігін жоғары дәрежеде қалыптастырған. Зерттеу материалдары өзінің жеткіліктілігімен, деректілігімен және нақты салыстырмалы айырмашылықтарымен айқындалады.

3-ші тарауда Қазақстанның фармацевтикалық нарығындағы импорттық және отандық дәрілік заттардың сұранысы, сатылымы және оның қарқыны талданған.

4-ші бөлімде отандық «Корватаблет» дәрілік препаратының маркетингтік жағдайы социологиялық әдіспен зерттеліп, нәтижесін шетелдік аналогтармен салыстырған. Оның нәтижесінде, отандық препараттардың өтімділігін өндірістің тауарлық маркасына, тауарлардың жарнамасына бөлінетін қаржыға, науқастардың дәрілік заттардың тиімділігіне берген бағасына, емдеу-сауықтыру ұйымдарының бас дәрігерлерінің, емдеуші дәрігерлердің отандық дәрілерді демеушілік әрекеттеріне, тауардың бағасына тікелей байланыстылығы дәлелденген.

5-ші бөлімде алынған ғылыми нәтижелерге сай, отандық «Корватаблет» дәрілік препаратының диверсификациялау әдісінің тәжірибелік моделі ұсынылған.

Ботабаева Р. Е. диссертациялық зерттеу материалдары «Фармация» мамандығы бойынша бакалавриатта, магистратурада және PhD докторантурада білім беру үшін және Қазақстан Республикасының отандық дәрі-дәрмектерін тұтыну мүмкіндігін кеңейту бойынша дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда талқылау тақырыбында және фармацевтика саласының мамандары Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық кәсіпорындарында қолдануына болады.

Диссертацияның негізгі нәтижелері отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, Thomson Reuters және Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда, Білім және ғылым министрлігінің



ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ
ПІКІР

Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларында жарық көрген.

Ботабаева Р. Е. PhD докторантурада білім алып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсене айналысқан кезінде өзін еңбекқор, білгір, сауатты, талапкер, әртүрлі ақпарт көздерінен алынған мәліметтерді сыни талдауға, осындай талдау негізінде қорытындыларды жасауға қабілетті, өз пайымдауының қисынды ой-пікірлерін жасай алатын зерттеуші ретінде танылды.

Мен, ғылыми кеңесші ретінде диссертациялық жұмыстың жалпы нәтижелерімен қанағаттанамын. Ботабаева Р. Е. докторлық (PhD) диссертациясы 6D110400 – «Фармация» мамандығының талаптарына сәйкес келеді деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
фармация ғылымдарының
докторы, профессор

Датхаев У. М.



ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ-дың кеңсе меңгерушісі
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Зав. канцелярией
КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова